| | негізгі орта | 1961 ж. және одан бұрын толық емес орта мектепті (жеті жылдық) немесе 7 сыныпты бітірді |
| | -"- | 1963-1989 жж. сегіз жылдық мектепті немесе 8 сыныпты бітірді |
| | -"- | 1990-1992 жж. тоғыз жылдық мектепті немесе 9 сыныпты бітірді |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | -"- | 1993 ж. және одан кейін негізгі жалпы білім беретін мектепті бітірді |
| | -"- | Он бір жылдық немесе он екі жылдық орта мектептің 10 сыныбын бітірді |
| | -"- | Он екі жылдық орта мектептің 11 сыныбын бітірді |
| | -"- | 10-11 (12) сыныпта оқиды |
| | -"- | Бастауыш кәсіптік білім мекемесінде оқиды, жалпы орта білімі бар тұлғалардан басқа |
| | -"- | 1961/62 оқу жылдары және одан бұрын 8 сыныптан кеткен |
| | -"- | 1988/89 оқу жылдары және одан бұрын 9 сыныптан кеткен |
| | -"- | 10-11(12) сыныптан кеткен |
| | -"- | Бастауыш кәсіптік білім мекемесінен кеткен, жалпы орта білімі бар тұлғалардан басқа |
| 4 | жалпы орта | Жалпы білім беретін мектептің, лицейдің, гимназия, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің және басқа 10-11 сыныптарын аяқтаған |
| 5 | Бастауыш кәсіптік | Бастауыш кәсіптік білім беретін ұйымды бітірген, (кәсіптік училище, кәсіптік лицей-үздіксіз білім беру орталығы, техникалық мектеп (тау - механикалық, теңізжолы, ормантехникалық және т.б.) жұмысшы мамандығын алған тұлғаларға, сонымен қатар, кәсіптік – техникалық училищені (ПТУ немесе техникалық училищені) бітірген. Бұдан басқа кәсіптік – техникалық оқу орнын бітіріп, мамандығымен қатар орта білімі туралы куәлік және орта білім деңгейінде мамандық алған тұлғаларға «Жалпы орта» белгісі қойылады, ал басқа тұлғаларға осы оқу орнына түскенге дейінгі алған білім деңгейі қойылады |
| | -"- | Жалпы орта білім бермейтін оқу орындарын ( мысалы, қолөнерлік, салалық кәсіптік училище (СКУ), фабрика-зауыттық оқыту мектебі (ФЗОМ), фабрика-зауыттық шәкірттік мектебі (ФЗШМ), оқу-курстық комбинаты, оқыту-өндірістік орталығы, қайта дайындау және біліктілігін арттыру курстары, оқу орындарындағы дайындық курстары) аяқтаған, осы оқу орнына түскенге дейінгі алған білімі белгіленеді |
| 6 | орта арнаулы | мәдениет және өнер саласындағы техникум, училище, колледж бітірген |
| 7 | аяқталмаған жоғары | ЖОО-да оқиды және оқу мерзімінің жартысын немесе жартысынан көбін өткен |
| | -"- | ЖОО-да бір және одан көп жыл оқыған, аяқталмаған жоғары білімі туралы анықтамасы бар |
| | | ЖОО-да оқу мерзімінің жартысынан аз уақытын оқығандар, ЖОО-ға түскенге дейін алған білім деңгейі қойылады, яғни «орта арнаулы», «бастауыш кәсіптік» немесе «жалпы орта» |
| 8 | жоғары | ЖОО аяқтаған: академия, университет, институт және оған теңестірілген ( консерватория, жоғары мектеп, жоғары әскери училище) |
| 9 | Жоғарғы оқудан кейін | Аспирантура, магистратура, докторантура бітірген |

14. «Білім беру ұйымдарында оқитындар» 20-жолында үй шаруашылығының барлық мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады. Кодты қою кезінде 3-кестеде келтірілген деректерді пайдалану қажет. Аулаларды жаппай аралап шығу кезінде деректер әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша толтырылады.

3-кесте

| Код | Білім беру ұйымдары | Білім беру ұйымдарында оқитындар |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | мектепке дейінгі | Мектепке дейінгі ұйымдарға баратын бала: меншік нысанына қарамастан бөбекханаға, бөбекхана-бақшаға, балабақшаға мектеп-балабақшыға |
| | -"- | Мектепке дейінгі ұйымға уақытша бармай жүрген бала, мысалы, науқастану себебімен |
| 2 | жалпы білім беретін мектеп | Бастауыш, негізгі, орта жалпы білім беретін мектептерде (оның ішінде жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту), лицейлерде, гимназияларда оқитындар |
| 3 | техникалық және кәсіптік | Кәсіптік лицейде, мәдениет және өнер саласындағы училищеде, негізгі орта немесе жалпы орта білім беретін колледжде оқитындар |
| 4 | ЖОО | ЖОО студенттері: академия, университет, институт және оған теңестірілген ( консерватория, жоғары мектеп, жоғары әскери училище) |
| 5 | ЖОО-дан кейінгі | ЖОО-да тереңдетілген бағдарлама бойынша оқуды аспирантура, магистратура және докторантурада жалғастырушы |
| 6 | біліктілікті арттыру курстары | Жалпы білім бермейтін мектеп пен курстарда оқитындар (курстық оқу комбинаты ( бөлім), қайта дайындау және біліктілік арттыру курстары, оқу орындарындағы дайындық курстары, сонымен қатар кәсіптік білім беретін курстар) |

15. «Жұмыспен қамтылу жағдайы» 21-жолында үй шаруашылығының барлық мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады. Кодты қою кезінде 4-кестеде келтірілген деректерді пайдалану қажет.

4-кесте

| Код | Жұмыспен қамтылу жағдайы | Анықтама |
|---|---|---|
| 1 | жалдамалы қызметкер | Еңбек шарты, келісімшарт, ауызша келісім бойынша жұмыс істейтіндер |
| 2 | жұмыс беруші | Өзінің жеке меншік кәсіпорнын басқаратын немесе өз бетінше кәсіби, коммерциялық қызметпен айналысатын және бір немесе бірнеше қызметкерлерді жалдап жұмыс істейтін адамдар |
| 3 | жеке негізде жұмыс істеуші | жеке негізде жұмыс істейтіндер |
| 4 | Жеке қосалқы шаруашылығында ( жеке ауласымен) жұмыспен | Тек жеке өз шаруашылығында ауыл шаруашылығы және (немесе) мал бағу жұмыстарымен айналысатын тұлға |
| | | Жеке шаруашылығы жоқ тұлғаларға бұл код қойылмайды |
| 5 | Өндірістік кооперативтің мүшесі | Меншік иелері ұжымның әр мүшесі өндірісті ұйымдастыру өнімді өткізу, кәсіпорын мен кооператив мүшелері арасында табысты бөлу мәселелерін шешу құқықтары тең болатын, кәсіпорнында (кооперативінде) өндіретін меншік жұмыс істейтіндер |
| 6 | отбасылық кәсіпорынның ақы төленбейтін қызметкері | шаруа (фермерлік) қожалығында, өндірістік кооперативте, туыстарына тиесілі жеке меншік кәсіпорындарда (жеке, отбасылық) ақысыз жұмыс істейтін адамдар |
| 7 | жұмыссыз | Жұмысы немесе табыс көзі жоқ адамдар |

16. «Күнкөрістің қаражат көзі» 22-жолда үй шаруашылығының барлық мүшелеріне осы жолда келтірілгендердің біреуіне сәйкес келетін код қойылады. Кодты қою кезінде 5-кестеде келтірілген деректерді пайдалану қажет.

5-кесте

| | | |
|---|---|---|

| Код | Күнкөрістің қаражат көзі | Анықтама |
|---|---|---|
| 1 | жалдамалы жұмыстан табыс | Ақыны (сыйды) жалақы, сыйақы, үстеме немесе заттай түрде төлеу қарастырылған, жалдау келісім шарты бойынша жұмыс істейтін тұлға |
| 2 | өз бетінше жұмыспен қамтылудан табыс ( жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыстан басқа) | Ақша немесе заттай түрде табыс немесе отбасылық кіріс алу үшін өзінің еңбек қызметін өз кәсіпорнының меншік құқығында жүзеге асыратын тұлға |
| | -"- | Жеке меншік кәсіпорыны бар, бірақ қандайда бір себеппен уақытша жұмыс істемейтін тұлға |
| 3 | жеке қосалқы шаруашылықтағы жұмыс | Сату мақсатында өзінің қосалқы шаруашылығында (бау-бақшаны қоса), ауыл шаруашылығы және (немесе) мал бағу жұмыстарымен айналысатын тұлға |
| | -"- | Өз шаруашылығында өзінің тұтынуы үшін өнім өндіретін адамдар тек үй шаруашылығының жалпы тұтынуында маңызды үлесті қамтамасыз ететін қызмет болған жағдайда ғана белгіленеді |
| 4 | стипендия | Оқытуға кәсіпорындар мен ұйымдар төлейтін стипендияны қоса, стипендия алатын оқушылар мен студенттер |
| 5 | зейнетақы | Қарттығы (жасы) бойынша зейнетақы алатын тұлға |
| 6 | Жәрдемақы | Ай сайын әлеуметтік жәрдемақы алатын тұлға: мүгедектігі, асыраушысынан айырылған жағдай, жасы бойынша, балаларға. Бұл ретте код жәрдемақыны алатын адамға емес, тағайындалған адамға қойылады |
| 7 | туысқан немесе жақындардан материалдық көмек | Туысқандары немесе басқа тұлғалардың қаражатына күн көретін, сондай-ақ алимент төленетін тұлға. Бұл ретте код оны алатындарға емес, материалдық көмек көрсетілетіндерге қойылады |
| 8 | жеке меншіктен табыс , дивиденттер, сыйлықақылар | Олардың ақшалай салымдарын пайдаланғаны үшін пайыздық төлем, кредит, қарыз түрінде табыс алатын салымшы, кредитор болып табылатын тұлға |
| | -"- | Акцияға ие (акционер) болып табылатын, акционерлік қоғамнан дивиденд төлемі түрінде табыс, акцияны өткізуден курстық айырмашылық алатын адамдар |
| | -"- | Жинақтан, пәтерді, автокөлікті, гаражды жалға беруден төлем түрінде табыс алатын тұлға |
| 9 | Біреудің асырауындағы адам | Басқа тұлғалардың ұзақ немесе үнемі материалдық немесе ақшалай қамтамасыз етуіндегі адамдар |
| 10 | өзгесі | Жоғарыда аталмаған күнкөріс көздері |

17. «1 қаңтардағы тұрғын үй жағдайлары» II бөлімде тұрғын үй, тұрғын үй-жай туралы абаттандырудың болуы, меншік түрі және алаң көлемі туралы деректер жазылады.

Басқа тұрғын жайға жер үй, жапсаржай жатады.

Үйлерді сәйкестендіру үшін үйдің сәйкестендіру коды қолданылады – 8 мәнді бірегей код (IKD), тіркелімге жазу кезінде әрбір үйге беріледі. Берілген код орталықтан қалыптастырылған, республикалық деңгейде 8-ші мәні бақылаушы сан болып табылатын, 11-ші модуль бойынша есептелген резервтен алынады.

1-тармақты толтыру кезінде белгі («V») тек бір ғана жерге қойылады, тұрғын үй типтерінің біреуі көрсетіледі.

Меншік түрі тиісті меншік түріне жататын тұрғын үй-жайға толтырылады, толтыру кезінде («V») белгісі көрсетіледі.

18. Жалпы және тұрғын алаңның көлемі тұрғын үй-жайдың жоспары негізінде, жоспар болмаған немесе жоспардан ауытқулар болған кезде үй-жайлардың ішкі өлшемі бойынша анықталады және тұтастай шаршы метрде көрсетіледі.

Егер тұрғын үй немесе тұрғын жай бір емес, екі одан да көп бірнеше дербес шаруашылықтардың меншігінде болса, онда осы шаруашылықтардың әрқайсысының дербес шотындағы «Жеке үй» деген жолда оларға тиесілі үлестері: «үйдің жартысы» деп жазылуы тиіс, онда шаруашылықтың нөмірі де (№ 1 немесе № 2) көрсетілуі тиіс, ал 2-бөлімде барлық деректер үйдің осы бөлігі бойынша толтырылуы қажет.

Жалпы алаңы 40 шаршы метр және тұрғын алаңы 30 шаршы метр тұрғын үй 2 шаруашылыққа тиесілі: бір шаруашылыққа жалпы алаңының көлемі 20 шаршы метр және тұрғын алаңы 16 шаршы метр болатын үйдің $^1/_2$ тиесілі, екіншісіне 20 шаршы метр және тұрғын алаңы 14 шаршы метр болатын үйдің $^1/_2$ тиесілі (екінші шаруашылықта тұрғын алаңы жылыту пешінің есебінен азайтылған).

Мұнымен бірге «Тұрғын үй жағдайлары» жолының жоғары жағындағы бос орынға осы үй иесі болып табылатын шаруашылықтың дербес шотының № жазылады.

Егер шаруашылықта екі үй болса, онда 2-бөлімнің бірінші бағанында олардың әрқайсысы бойынша мәлімет жазылуы тиіс: біріншісі бойынша – алымында, екіншісі бойынша – бөлімінде.

Өзінің тұрғын үйінде немесе тұрғын үй-жайында тұрмайтын азаматтар үшін 2-бөлімде: «пәтер жалдайды» немесе «осындай кәсіпорынның (ұйымның) үйінде тұрады» деп жазылады.

19. Тұрғын үйдің жалпы алаңына мыналар кіреді:

Үйдің негізгі қабырғалары шегінде орналасқан барлық жайлардың алаңы:

- тұрғын бөлмелер (жалпы және жатын бөлмелер);
- қосалқы үй-жайлар (ас үй, кіреберіс, ванна немесе себезгі, дәретхана, зат сақтайтын бөлме, кіріктіре салынған шкафтар) кіреді.

Жалпы алаңға мыналар кірмейді:

- баспалдақ алаңы;
- шығыңқы конструкциялық элементтер мен жылыту пеші тұрған алаң;
- жылытылмайтын, жапсарлас салынған үй-жайлардың (терраса, веранда, балкон, лоджия), сондай-ақ жылытылмайтын мансардтар мен мезониндердің алаңы;
- жеке тұрған ас үй, монша, сарай, күркелер;
- киіз үйлердің, жазғы саяжайлардың, бақшадағы үйлердің және уақытша тұруға жабдықталған басқа да үй-жайлардың (вагон, жер үй) алаңы.

20. Тұрғын үй-жайды абаттандыру тиісті шаруашылыққа тиесілі үйге немесе үйдің бөлігіне толтырылады. Үйде тамақ әзірлеу үшін табиғи газ желісінен немесе

сұйытылған газдың әкелінетін жекелеген баллондарынан газ жүргізілген, жерде тұратын газ плитасы орнатылған болса, «газ электр плита» деген жолда «иә» деп жазылады. Газ жүргізілген үйге газбен жабдықталған, жерде тұратын газ электр плитасы орнатылған ас үйі бөлек тұрған үй де жатады. Мұның өзінде газ плитасы жоқ немесе газбен жылыту жоқ болса, үй бойынша «жоқ» деп жазылады.

Егер үй ішінде су құбырының таратушы желісі болса немесе жеке тұрған асханада су орталықтандырылған су құбырынан немесе артезиан ұңғымасынан келетін су құбырының таратушы желісіне жалғанған су өткізетін шүмек орнатылған болса, тұрғын үй немесе тұрғын жай су құбырымен жабдықталған деп саналады. «Су құбыры» жолы бойынша «иә» деп жазылады.

Егер аулада су бөлетін шүмек (колонка) болса, бірақ су үй ішіне өткізілмеген болса, онда мұндай үйлердің тұрғын алаңы су құбырымен жабдықталған деп саналмайды және жол бойынша «жоқ» деп жазылады.

Егер үйдің ішінде шаруашылық-нәжіс суларын көшедегі кәріз желісіне немесе сіңіргіш құдықтарға немесе ауладағы септиктерге ағызуға арналған кәріз құрылғысы бар болса, тұрғын үй немесе тұрғын үй-жай кәрізбен жабдықталған деп саналады. Кәріз бар болған жағдайда тиісті жол бойынша «иә», болмаған жағдайда – «жоқ» деп жазылады. Су құбырымен жабдықталмаған үйлер (тұрғын үй-жайлар) кәрізбен жабдықталмайды.

Егер төмендегі жабдықтың бір түрі тұрғын жайдың ішінде орнатылған болса, тұрғын үй немесе тұрғын үй-жай ваннамен немесе себезгімен жабдықталған деп саналады.

Егер топтық (орамдығы) немесе аудандық қазандықтан, ЖЭО-дан жылу бар немесе құрылғы ғимараттың немесе тұрғын жайдың ішінде көзделген және энергия көзіне қарамастан, жылыту мақсаттары үшін арналған болса, тұрғын үй немесе тұрғын үй-жай ЖЭО-дан, топтық (орамдығы) немесе аудандық қазандықтан жылумен жабдықталған деп саналады. Бұл жағдайда тиісті жолға «иә» деп жазылады.

Егер онда тұратындардың тұрмыстық қажеттіліктері үшін орталықтандырылған, ыстық су беретін арнайы су құбыры болса, тұрғын үй немесе тұрғын үй-жай ыстық сумен жабдықталған деп саналады. Мұндай жағдайда тиісті жолға «иә» деп жазылады. Егер пәтерлердегі су жылытқыштар үшін (АГВ), аз литражды жылыту қазандықтарын қоса, тұрмыстық қажеттіліктер үшін газ (отын) колонкасынан орталықтандырылған, ыстық су беретін арнайы су құбыры болған жағдайда да «иә» деп жазылады.

21. «1 қаңтардағы кенттік, ауылдық округтің шегінде немесе шегінен тыс жалға берілген (алынған) жеке меншіктегі жер» III-бөлімде әр шаруашылық бойынша үй іргесіндегі учаскедегі жеке шаруашылыққа жататын барлық жер ауданы жазылады, сондай-ақ ауылдық округтің шегінде және шегінен тыс жалға алынған жер көрсетіледі. Халықтың жеке қосалқы шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер ауданы туралы деректер жер учаскесін жеке меншікке алу құқығын иелену актісінен алынады.

Жердің барлығы, га (1 жол): құрылысқа, егін егуге, жайылымға, бау-бақшаға, жүзімдіктерге, табиғи пішендік жерлерге, тыңайған жерлерге және сәндік екпе ағаштарға бөлінген жерлерді қамтиды.

Егер бұл жер немесе оның бөлігі жалға берілетін болса, онда бұл алаң 9-жолда көрсетіледі. Егер бұдан басқа қосымша жер жалға алынатын болса, онда бұл аланды 10-жол бойынша көрсету керек.

Жер шаруашылық меншігінде болған жағдайда ғана 9, 10-жолдар толтырылады. Егер жер жалға алынған болса (соның ішінде ұзақ мерзімді) 9 және 10-жолдар толтырылмайды.

Тиісті бағанда ауылдық округтен тыс орналасқан жерді көрсету керек. 1-жол 2+3+4+5+6+7+8+10-жолдарының қосындысына тең (9 жолды алып тастағанда).

Жер бойынша барлық көрсеткіштер гектармен дәлділігі 0,001 га дейін толтырылады.

22. 3 Б) бөлімінде ағымдағы жылғы астыққа егілген ауыл шаруашылығы дақылдарының егісі (барлығының егіс алқабы және одан ауылдық округтен тыс жердегі) туралы деректер гектармен дәлділігі 0,001 га дейін шаруашылық иесінен ( немесе шаруашылықтың ересек мүшелерінің) пікіртерім алу арқылы жолымен толтырылады. ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс үй іргесіндегі учаскелерді ғана емес, сонымен қатар жалға алынған жердегі және бөлінген бақтардың егісті де қосады.

Қатараралық бақтардағы егістерге тиісті дақылдардың егіс алаңының қорытындысы және барлық егіс алаңының қорытындысы кіреді. Қатараралық жыртылып өндірілетін дақылдардың егістігі, сондай-ақ егіс алаңына қайталап егілетіндер (аңыздықтар) кірмейді. Егістік алаңына есептелмейтіндер: ауыл шаруашылығы дақылдары егілмеген егістік, бақшалардың егістік алаңы, жидекті дақылдар, жасыл гүлзарлар, сүрлеулер және басқа да аландар.

«Дәнді дақылдар» 12-жол бойынша дән түрінде пайдалануға арналған сақталып қалған күздік (бидай, қара бидай, арпа) және жаздық (бидай, арпа, сұлы, масақтылар қоспасы, жүгері, тары, қарақұмық, күріш, құмай жүгері, дәнді бұршақтылар) егісі енгізіледі. Басқа мақсаттарға арналған дәнді дақылдар (көк азыққа, силосқа, пішенге) бұл жолға енгізілмейді.

12-жолдан есепті жылы егілген дәнді дақылдардың түрлері бойынша егістіктер белгіленеді (13, 14, 15, 16-жолдар). Жүгері егісіне сүрлем мен жасыл азыққа пайдаланатын, сүттенгенге дейінгі балауыз, сүтті-балауыз және балауызданып піскендерді алып тастағанда, толық піскен жүгерінің дәні кіреді. Бұл дақылдар азық дақылдары бойынша (22-жол) көрсетіледі.

«Картоп» 27-жол бойынша себу мерзімі мен оның тағайындалуына қарамастан картоптың барлық алаңы көрсетіледі.

«Көкөністер» 23-жол бойынша ашық топырақтағы егістер көрсетіледі. Ашық топырақтағы көкөністерге қырыққабат, қияр, қызанақ, қызылша, асханалық сәбіз,

басты пияз, жасыл бұршақ, бұрыш, шомыр, тарна, шалғам, баялды, кәді, асқабақ, жасыл дақылдар (көк жуа, ақ сүттіген, аскөк, ақжелкен, балдыркөк, қымыздық, саумалдық, рауғаш, кинза) және басқа да көкөністер жатады.

17, 18, 19, 20, 21, 28, 30-жолдар бойынша тиісінше майлы дақылдардың, оның ішінде күнбағысқа, темекіге, қант қызылшасына, мақта, бақша және басқа да дақылдарға арналған алаңдар көрсетіледі. Күнбағыс егісіне ағымдағы жылы өндірілген егістер, сондай-ақ қыстың алдында өндірілген күнбағыстың дәнге сақталған егістері кіреді. Күнбағыстың сүрлемдік егістері бұл көрсеткішке кірмейді. Қант қызылшасы бойынша (фабрикалық) өнімдері қант және басқа зауыттарда өңделетін қызылша егістері көрсетіледі. Мал азығына арналған қант қызылшасының егістері 22-жол бойынша көрсетіледі. Мақта бойынша мақта егісінің барлық нақты алаңы есептелінеді, оған көлеңкелеу үшін жағалай отырғызылған тұт ағашының жолақтары, жеке тұрған ағаштардың көлеңкелік алаңдары кіреді. Азықтық дақылдар бойынша (22-жол) барлық азықтық дақылдардың егістері:азықтық дақылдар, тамыр-жемістілер, бақшалық, дәндік және дәнді-бұршақтық (азықтық темір-жемістілер, мал азығына арналған қант қызылшасы, азықтық бақша (азықтық асқабақ, азықтық қарбыз және азықтық кәділер), азықтық жүгері, азықтық қырыққабат), дақылдық себілген пішендіктер және жайылымдар (көпжылдық және біржылдық) көрсетіледі. 29-жол бойынша гүл егістігіне арналған алаңдар көрсетіледі. «Басқа дақылдар» көрсеткіші бойынша (30-жол) 12-29-жолдарда көрсетілмеген дақылдар көрсетіледі (зығыр, кәдімгі кенепшөп және рамидан басқа кендір және өзге де тоқыма талшықтар; кәдімгі зығыр және кенепшөп; парфюмерия мен фармацияға арналған өсімдіктер; тірі өсімдіктер өсірілетін алаңдар: жуашық, түбір және тамыр; шегіншектер және шыбықтар; саңырауқұлақ өсіретін жерлер; көкөністердің тұқымдық дақылдарының алаңы).

Көпжылғы ағаштардың алаңдары бойынша деректер жеке көрсетіледі: жүзімдіктер ( 32-жол), бау-бақшалар (33 (34,35)-жолдар) және жидекті жерлер (36-жол).

37-жол бойынша «В. Су қоймалары су бетінің жалпы алаңы, шаршы метр» тауарлық балықтарды өсіру бойынша қолда бар жеке меншік және бекітілген су қоймаларының барлық алаңдары шаршы метрмен көрсетіледі.

38-жол бойынша «Онда ауланған балықтар, кг» аулаған балықтардың саны килограммен көрсетіледі.

Мына жағдайда, егер су қоймасының алаңы бірнеше округтердің арасында орналасқан болса (1 округтен көп), онда су қоймасының алаңы аудандық жер комитетінің шешімі бойынша кімге бекітілсе сол толтырады. Ал балық аулау барлық округтар бойынша есептелінеді.

23. «Шаруашылықтың жеке меншігі болып табылатын мал (бас)» IV бөлімінде малдың, қояндардың және терісі бағалы аңдардың саны туралы деректер шаруашылық (отбасы) иесінің немесе шаруашылықтың ересек мүшелерінің қатысуымен қорадағы малдың нақты барын есептеу арқылы жазылады. Нақты бар мал

басын есептеу мал қорада болған кезде жүзеге асырылады. Құс санын жазу шаруашылық (отбасы) иесінің немесе шаруашылықтың ересек мүшелерінің сауалдамаға жауап беру негізінде жазылады.

Мемлекеттік статистика органдарының ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жылы санаушылардың шаруашылықтарды аралау кезінде шаруа қожалықтарындағы малдың саны туралы алған деректері әр шаруашылық бойынша кітаптардың деректерімен салыстырылуы керек. Егер әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабы мен аула бойынша тізімдегі жазбалар арасында айырмашылықтар кездессе, кенттік, ауылдық әкімшіліктің маманы санаушымен бірге осы шаруашылықта нақты бар мал басын қайтара тексеруі (қайта есептеуі) керек.

Егер шаруашылықта келісім бойынша бордақыланып отырған мал ұсталса, онда осындай мал туралы мәліметтер әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабына жазылмайды.

Малдың есебін жүргізу кезінде малдар мен құстардың түрлері мен жыныс-жас топтары әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабына сәйкес белгіленеді.

24. Мал саны туралы нақты мәліметтер алу мақсатында әр шаруашылық бойынша есепке алу кітаптарының деректерін анықтауды жүргізетін адамдар қаңтардың 1-інен 15-іне дейінге кезеңде оларға тапсырылған учаскедегі барлық шаруашылықтарды, осы шаруашылықтарда малдың бар не жоқ екендігіне қарамастан аралап шығуы керек, және де көрші учаскемен (елді мекенмен) шектелетін аулалардың қалып қалмауына аса көп назар аударулары керек.

Жайылымдарда немесе басқа шаруашылықта уақытша болуына қарамастан, әр шаруашылық бойынша есепке алу кітабына шаруашылыққа тиісті барлық мал көрсетіледі, .

Басқа шаруашылықтардан ұзақ ұстауға қабылданған малдардың есепке алынбай немесе өткізіп алмауды болдырмау үшін, есеп барлық жағдайда малдың тұрған жері бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар бұл малдың нақты кімдікі екендігі тыңғылықты тексеріледі.

Осы малдың басқа шаруашылыққа қарайтындығы туралы тексерілген қолда бар деректер болса, ұзақ ұстауға қабылданған малға жазылады, одан бөлек шаруашылықтың айрықша тізіміне қай малдың ұзақ ұстауда жүргендігі, сондай-ақ мал иесінің (шаруа қожалығының басшысы) аты-жөні және нақты мекен-жайы қоса жазылады. Бұл тізімді малды тексеріп және енгізу үшін оның иесінің тұрғылықты жері бойынша ауылдық округтың бас маманы пайдаланады. Мына жағдайда, егер мал иесі басқа кенттік, ауылдық округте тұратын болса, онда осы тізімнің деректері малды қосу үшін мал иесі тұратын сол селолық округке жіберіледі.

Жекелеген елді мекенде малды есепке алу аяқталған соң әр шаруашылық бойынша кітаптардағы деректерді анықтауды жүргізетін адамдар қорытындыларын есептеуге тиісті. Мал саны қорытындыларын есептеу тікелей әр шаруашылық бойынша есепке

алу кітаптары бойынша жүргізіледі.

25. V бөлім «1 қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарының бары туралы мәліметтер».

Ауылшаруашылығы техникаларының түрлері бойынша жол бойынша бос жолдарда мыналар көрсетіледі;

қолда бар барлық маркалы тракторлар (шынжыр табанды және доңғалақты), соның ішінде машина құрастырылған тракторларды қоса,;

жүк көтергіштігіне қарамастан трактор тіркемелерінің болуы;

жүк автомобильдерінің болуы;

жеңіл автомобильдердің болуы;

автобустардың болуы;

арнайы автомобильдердің болуы;

астық жинайтын комбайндардың барлық маркалары мен түрлерінің бары, күріш жинайтындарды қоса;

тракторлық тұқым сепкіштердің барлық түрлері мен маркаларының болуы;

арнаулы және жалпы мақсаттағы тракторлық соқалардың, жалпаққескіш-терең қопсытқыштардың бары;

тракторлық культиваторлардың барлық түрлері мен маркілерінің қолда бары ( жалпаққескіш-терең қопсытқыштарсыз);

шөптерді, жүгеріні, күнбағысты және басқа да пішендік өсімдіктерді, көк азық пен сүрлемдерді оруға арналған аспалы және жартылай аспалы тракторға тіркелген шалғылар мен орақтар көрсетіледі;

құрғатылған тырмалауға немесе жаңа орылған шөпті дестелеуге, орылған шөптерді қопсыту және тезірек кептіру үшін дестелерді айналдыруға, сондай-ақ астықты жинағаннан кейін сабандарды тырмалауға арналған тіркемелі және аспалы трактор тырмаларының бары;

сауын құрылғыларының болуы – бұл сиырлар мен басқа да ауыл шаруашылығы малдарын сауууға және сүтті бастапқы өңдеуге арналған бір-біріне байланысты машиналар мен аппараттардың кешені;

қойды, ешкіні, түйені және басқа да малдарды қырқуға арналған электрмен қырқатын агрегаттардың қолда бары көрсетіледі;

Егер шаруашылықта бөлімде көрсетілмеген ауыл шаруашылығы техникасы бар болса, онда сол техниканы да бос жолдарға жазу керек.

«Өнімдерді өңдеуге арналған жабдықтар» жолы бойынша бос жолдарда астық, мал және құс еті, сүт, көкөністер мен майлы дақылдарды өндіру және ұн өндіру бойынша ( диірмен) жабдықтардың нақты барын көрсетіледі.

Егер қандай да болмасын шаруашылықтың бөлімде көрсетілмеген ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін басқа да жабдықтары болған жағдайда, оны да сол бос жолдарға жазу керек.

26. VI бөлім «1 қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға және мал ұстауға арналған құрылыстар, басқа да құрылыстар».

«Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар» жолы бойынша сақтау орындарының түрі көрсетіледі: дәнді дақылдарға, картопқа арналған, бірлескен сақтау орындары және басқа түрлеріне арналғандары.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен имараттардың сыйымдылығы сақтау орнының, қойманың немесе имараттың тиімді көлемін өнімнің 1 текше метрінің орташа салмағына көбейту арқылы есептеледі.

«Ауыл шаруашылығы малдарын ұстауға арналған құрылыстар» жолы бойынша бос жолдарда құрылыстың түрлері көрсетіледі: ірі қара мал, шошқа, қой мен ешкі, жылқы, өзге де малдар, құс ұстауға және малдарды бірге ұстауға, басқа да түрлеріне арналған, сондай-ақ мал орындарының жалпы саны көрсетіледі.

«Өсіруге арналған жылыжайлар» жолдар бойынша көкөністер немесе гүлдер өсіруге арналған алаңдар бойынша деректер жазылады. Алаң шаршы метрмен көрсетіледі.

27. «1 қаңтардағы сауда нүктелерінің болуы» VII бөлімде үй шаруашылығына тиесілі сауда нүктелерінің нақты бары туралы деректер жазылады. Оған жататындар: дүкендер, дүңгіршіктер, павильондар.

28. «1 қаңтардағы сатып алу кооперативтік бірлестіктердің, сатып алу орталықтардың нақты бары» VIII бөлімінде көрсетіледі. Тауарлар бойынша деректер заттай түрде толтырылады.

29. «Қосымша мәліметтер» IX бөлімінде жер жалға берілген (немесе алынған) адамның ТАӘ (немесе шаруа (фермер) қожалығының атауы) жазылады. Сондай-ақ басқа да қосымша мәліметтер жазылады.

Кенттік, ауылдық, ауылдық округтің маманы бір жыл ішінде ағымдағы тәртіппен шаруашылықтардың дербес шоттарында тиісті жазбалар жасап отыруға тиісті, соның ішінде: азаматтық хал актілері жазбасының материалдары бойынша туғандар туралы, өлгендер туралы, отбасы мүшелерінің хабарлауы бойынша уақытша жоқ шаруашылық мүшелерінің шаруашылықтан кетуі және қайтып келуі туралы, шаруашылық (отбасы) иесінің өзгеруі туралы, шаруашылықтардың бөлінуі және бірігуі туралы, шаруашылықтың барлық мүшелерінің жаңа мекен жайға көшуі және шаруашылықтан шығуы туралы.

30. Әрбір шаруашылықтың дербес шоты әр шаруашылық бойынша жаңа кітаптың бетін белгілеу кезінде, сондай-ақ бұрынырақ беті белгіленген әр шаруашылық бойынша кітаптардағы жазбаларды жаппай тексеру және нақтылау кезінде ауланы аралау барысында толтырылғаннан соң оған бірінші жазылған (шаруашылық иесі) шаруашылық мүшесі немесе ол болмаған жағдайда шаруашылықтың ересек мүшесі, сондай-ақ кенттік, ауылдық, ауылдық округтің маманы (немесе тексеру мен жазбаларды жүргізетін адам) тиісті түрде қол қоюы керек.

Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснамаға
2 – қосымша
Нысан

20___ ЖЫЛЫ _____________________________________ КЕНТТЕРДІҢ, АУЫЛДАРДЫҢ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ АУМАҒЫНДА УАҚЫТША ТҰРАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

| р/с № | Отбасы мүшелерінің тегі, аты әкесінің аты (толығымен) | ЖСН | Жынысы (ер, әйел) | Туған күні, айы, жылы | Некедегі жағдайы (некеде тұрмын, еш уақытта некеде болған жоқпын, тұл еркек/ жесір әйел, ажырасқан) |
|---|---|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

| Білімі*) | Оқушылар үшін жалпы білім беретін мекеменің түрін көрсету керек | Тұрғылықты тұратын орны | Жұмыспен қамтылудағы жағдайы**) |
|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| Келгені туралы белгі ( қай күні, қайдан келгенін көрсету керек) | 1.01.201__, 1.07.201__ жылдардағы қолда бар мал | | |
|---|---|---|---|
| | мал түрлері мен топтары | барлық мал басы | соның ішінде 1 жасқа дейінгі жас мал |
| 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

| Шаруашылықтың дербес есепшотының нөмірі, қайда орналасқан | Шаруашылықтың бірінші жазылған мүшесінің қолы | Ауылдық әкімшіліктің шегінен тыс басқа жерде тұруға кеткені немесе осы ауылдық әкімшілікке тұрғылықты тұруға ауысқаны туралы белгі (қайда және қашан кеткенін, шаруашылық жөніндегі кітапта (нысан) жазылғанын көрсету) |
|---|---|---|
| 14 | 15 | 16 |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

*) Тіркелген кезде қандай білімі барын көрсету керек (жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, арнаулы орта, аяқталмаған жоғары, жоғары, сауатсыз)
**) Жұмыс түрін көрсету керек (жалдану бойынша жұмыс, жұмыс беруші, жеке негізге жұмыс істейтіндер, отбасы кәсіпорнының ақы төленбейтін қызметкері, жұмысы жоқтар )

## Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында уақытша тұратын тұлғалар тізімінде жазбалар жүргізу

Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері 1 қаңтардағы жағдай бойынша жыл сайын Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағында уақытша тұратын адамдардың тізімін (нысан) жасауы керек. Уақытша тұратын тұлғалардың тізіміндегі жазбалар тұрақты тұратын халықтың тізімі секілді жыл бойы жүйелі түрде жүргізіледі.

Уақытша тұратындар санында кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағында 1,5 айдан астам уақытқа келген мынадай халық құрамы ескеріледі:

оқу кезеңінде оқу мекемесінің орналасқан жері бойынша (оқу мекемелерінің жатақханаларында, мектеп жанындағы интернаттарда, жеке пәтерлерде) тұратын оқушылар;

балалар үйлерінің тәрбиеленушілері;

мүгедектер үйлеріндегі мүгедектер;

аурухана мекемелерінде ұзақ уақыт емдеуде болатын науқастар;

уақытша және маусымдық жұмысқа, сондай-ақ шарт бойынша жұмысқа келген адамдар;

қалалық елді мекендерде тіркелген, бірақ нақты кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағында тұратын азаматтар;

әскери қызметшілер қызметін атқаратын орынға келген және кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағында тұратын әскери қызметшілердің отбасылары.

Уақытша тұратындар санатына кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағына маусымдық немесе уақытша жұмысқа келген азаматтарды, сондай-ақ бас бостандығынан айырылу орындарынан шартты түрде босатылған және кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағында шектеулі уақыт қана тұратын адамдар жатқызылады.

Уақытша тұру мерзімі уақытша тұратын адамдардың санатын анықтау үшін

критерий ретінде белгіленбеген және жұмыстың, емделудің, оқудың және басқаларының басталу және аяқталу уақытымен анықталады.

Уақытша тұратындар тізімі ауруханаға, балалар үйіне, мектеп-интернатқа, мүгедектер үйіне және басқаларына осы мекемелердің басшыларымен бірге жасалады. Тізімнің бланкісінде осы мекеменің атауы және оның мекен-жайы көрсетіледі.

Осы мекемелерге қызмет көрсететін жұмысшылар мен қызметшілер және осы жерде тұрақты тұратындар, кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағында уақытша тұратын № 2 нысанның тізіміне жазылмайды, олар мекен-жайы бойынша әр шаруашылық бойынша кітапта (нысан) ескеріледі.

Қалалық елді мекенде тіркелген және сонда тұрақты тұратын, бірақ кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағында орналасқан тұрғын жайды жазғы маусымға жалдайтын адамдар мен саяжайлардың иелері (тұрғызушылар) әр шаруашылық бойынша есеп жүргізу құжаттарында ескерілмейді.

Уақытша тұратындар жазбасы олардың кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағына келген сәтінен бастап 3 күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Сонымен бірге тізімге шаруашылықтың барлық мүшелері жазылады.

№ 2 нысан тізіміндегі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-бағандар әр шаруашылық бойынша кітаптағы (№ 1 нысан) тиісті бағандарға ұқсас толтырылады.

8-бағанда тұрақты тұратын орны көрсетіледі.

9-бағанда осы адамның тұрақты мекен-жайы бойынша жұмыс орны және мамандығы көрсетіледі. Асырауындағы жандар үшін бұл бағанда "басқа адамның асырауында" деп жазу керек.

10-бағанда қашан және қайдан келгенін, сондай-ақ келу мақсатын көрсету қажет.

№ 2 нысан бойынша тізімнің 14-бағанында келген адам пәтер жалдаған шаруашылықтың дербес шоты көрсетіледі немесе оның уақытша мекен-жайы қысқаша жазылады.

Шаруашылық (отбасы) иесі немесе жалғызбасты адамдар олар туралы жазбаларды «Шаруашылық мүшесінің қолы» 15-бағанда қол қойып растайды. Аурухананаларда, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарда, мүгедектер үйлерінде және басқаларында тұратын адамдар туралы жазбалардың дұрыстығын осы мекемелердің басшыларының қолымен расталады.

16 бағанда кенттік, ауылдық, ауылдық округ аумағынан тысқары жерге қоныс аударғандар, осы әкімшілікте тұрақты мекен-жайға кеткендер, сондай-ақ өлгендер туралы – шыққан айын, жылын және себебін көрсетіп, белгі жасалады.

Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша

с т а т и с т и к а л ы қ ә д і с н а м а ғ а
3 - қ о с ы м ш а
Нысан

________________________________________

**КЕНТТЕРДІҢ, АУЫЛДАРДЫҢ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ 2011, 2012, 2013, 2014, 2015 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН __________ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘЛІПБИЛІК КІТАБЫ**

| р/с № | Шаруашылық иесінің тегі, аты және әкесінің аты | Шаруашылықтың дербес -шотының № | Ә р шаруашылық бойынша есепке алу кітабының №- | Бет № | Дербес шоттың жабылу себебі және күні | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | |
| | | | | | | А |
| | | | | | | Ә |
| | | | | | | Б |
| | | | | | | В |
| | | | | | | Г |
| | | | | | | Ғ |
| | | | | | | Д |
| | | | | | | Е |
| | | | | | | Ж |
| | | | | | | З |
| | | | | | | И |
| | | | | | | К |
| | | | | | | Қ |
| | | | | | | Л |
| | | | | | | М |
| | | | | | | Н |
| | | | | | | Ң |
| | | | | | | О |
| | | | | | | Ө |
| | | | | | | П |
| | | | | | | Р |
| | | | | | | С |
| | | | | | | Т |
| | | | | | | У |
| | | | | | | Ұ |
| | | | | | | Ү |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Ф |
| | | | | | | Х |
| | | | | | | Ц |
| | | | | | | Ч |
| | | | | | | Ш |
| | | | | | | Щ |
| | | | | | | Ы |
| | | | | | | І |
| | | | | | | Э |
| | | | | | | Ю |
| | | | | | | Я |

## Әліпбилік кітапта жазба жүргізу

Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің барлық елді мекендерінде әр шаруашылық бойынша есепке алу кітаптарының бетін белгілеуді жүргізіп болғаннан соң, жергілікті атқарушы органның маманы шаруашылықтардың әліпбилік кітабын ( нысан) 10 ақпаннан кешіктірмей жасайды.

Бұл кітапқа кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында тұрақты тұратын әр шаруашылық бойынша есеп кітабына (нысан) жазылған барлық тұлғалардың шаруашылықтары енгізіледі. Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің аумағында уақытша тұратын адамдар (нысан) әр шаруашылықтардың әліпбилік кітабына жазылмайды.

Әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органның маманы шаруашылықтар санының есебін жүргізеді және осы есептің нәтижелерін әр шаруашылықтардың әліпбилік кітабының титулдық парағына жазады (жазба қарындашпен жасалады).

Әліпбидің әрбір әрпіне 1-2 беттен қалдырылады, ал қалған әріптерді қиып алып тастау керек.

Ескертпе: қалдырылатын беттер санын нақты бір әріпке басталатын шаруашылық иелері тегінің болжалды санына байланысты өзгертуге болады.

Әр шаруашылық бойынша есепке алу кітаптарының дербес шоттарындағы шаруашылық (отбасы) иесінің, шаруашылық құрамының өзгеруіне қатысты барлық өзгерістерді жергілікті атқарушы органның маманы әр шаруашылықтардың әліпбилік кітабына жыл ішінде енгізуі тиіс.

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
2014 жылғы 3 ақпандағы
№ 23 бұйрығымен бекітілген

Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснамаға
4-қосымша
Нысан
«__________________________ облысының Статистика департаменті» ММ
___________________________________ ауданының статистика басқармасы

**Әр шаруашылық бойынша есепке алу нысандарындағы тіркеу жазбаларының сәйкессіздігі немесе сәйкестігі туралы**
**АКТ**

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ ауданының
____________ кенті, ауылы, 20__ жылғы « ___ » ________
ауылдық округі

Біз, төменде қол қоюшылар, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның өкілдері:
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
____________________________________________ Әкімінің қатысуымен

«Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы ҚР Заңының 12-бабының, 16-бабының және «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы ҚР Заңының 10-бабының негізінде әр шаруашылық бойынша есепке алу нысандарындағы тіркеу жазбаларының сәйкестігіне бақылау жүргіздік.

Сәйкестендіру қорытындысы бойынша Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға Әкімдермен «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексінің 381-2-бабында көзделген дәйексіз әкімшілік деректерді ұсынудың мынадай фактілері анықталды:
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Бұзушылықтарды жою мерзімдері:осы АКТ-іге қол қойылған күннен бастап 5 (бес)

жұмыс күнінің ішінде.
Ескерту (орындалғаны туралы ақпарат 5 жұмыс күнінің ішінде аумақтық статистика органына ұсынылады)
Қолдары ______________________ М.О.
______________________
______________________
Т.А.Ә. және Әкімнің қолы:__________________________________ М.О.
Ескерту(Әкім қол қоюдан бас тартқан жағдайда «Қол қоюдан бас тартты» деген жазу жазылады және күні қойылады).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК